Әділет

# Кеден ісі, құрылыс, білім беру және денсаулық сақтау салаларында жүйелі негіздегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдар бойынша кешенді жоспарды бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 2022 жылғы 30 мамырдағы № 540, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 31 мамырдағы № 250, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 31 мамырдағы № 403 және Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 2022 жылғы 1 маусымдағы № 309 бірлескен бұйрығы.

БҰЙЫРАМЫЗ:

1. Қоса беріліп отырған Кеден ісі, құрылыс, білім беру және денсаулық сақтау салаларында жүйелі негіздегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдар бойынша кешенді жоспар бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бірлескен бұйрықтың көшірмесін қазақ және орыс тілдерінде электрондық түрде Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін жолдануын;

2) осы бірлескен бұйрықты Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бірлескен бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін мемлекеттік органдардың вице-министрлеріне жүктелсін.

4. Осы бірлескен бұйрық оған мемлекеттік орган басшыларының соңғысы қол қойған күннен бастап күшіне енеді.

**Қазақстан Республикасы**
**Премьер-Министрінің орынбасары –**
**Қаржы министрі**
**_____________ Е. Жамаубаев**

**Қазақстан Республикасының**
**Білім және ғылым министрі**
**____________ А. Аймағамбетов**

**Қазақстан Республикасының**
**Денсаулық сақтау министрі**
**_____________ А. Ғинbackup**

**Қазақстан Республикасының**
**Индустрия және инфрақұрылымдық**
**даму министрі**
**_____________ Қ. Өскенбаев**

**"КЕЛІСІЛДІ"**
**Сыбайлас жемқорлыққа қарсы**

**іс-қимыл (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) агенттігінің төрағасы**
**_____________ О. Бектенов**

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
орынбасары –
Қаржы министрінің
2022 жылғы "30" мамырдағы № 540,
Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2022 жылғы "31" мамырдағы № 250,
Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрінің
2022 жылғы "31" мамырдағы № 403,
Қазақстан Республикасы
Индустрия және инфрақұрылымдық
даму министрінің
2022 жылғы "01" маусымдағы № 309
бірлескен бұйрықтарымен
бекітілді

# Кеден ісі, құрылыс, білім беру және денсаулық сақтау салаларында жүйелі негіздегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдар бойынша кешенді жоспар

| № р/с | Іс-шаралар | Аяқтау нысаны | Орындау мерзімдері | Жауапты орындаушылар | Ескертпе |
|---|---|---|---|---|---|
| **1. Кеден ісі саласындағы** | | | | | |
| Кедендік операцияларды автоматтандыру | | | | | |
| 1.1 | Тауарларға арналған декларация берілгенге дейін тауарларды шығару туралы өтініш берген кезде тәуекелдерді автоматтандырылған бағалауды іске асыру | "АСТАНА-1" АЖ-да тәуекелдің автоматтандырылған бейіндерін енгізу жөніндегі хаттама | 2022 жылғы шілде | ҚР ҚМ | Кедендік бақылау шаралары туралы шешім қабылдау кезінде адами факторды алып тастау |
| | "Тауарларды сақтау құжаты" модулін | | | | 2022-2023 жылдарға арналған "АСТАНА-1" АЖ түрлендіру жоспары шеңберінде |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 1.2 | түрлендіру ( ТСҚ), бөлігінде:<br>- транзиттік декларацияны ресімдемей ТСҚ құру;<br>-2 және одан да көп ДХТ бойынша бір ТД тауарларға өтініш;<br>- ұсталған тауарларды есепке алу, сондай-ақ кедендік транзит аяқталған кезде ТСҚ байланыстыру;<br>- тауарларға декларация тапсыру мерзімдерін бақылау және осындай мерзімдерді бұзумен байланысты әкімшілік құқық бұзушылық белгілерін тіркеу | пайдалануға беру актісі | 2022 жылғы тамыз<br>2022 жылғы қыркүйек<br>2022 жылғы қазан<br>2023 жылғы шілде | ҚР ҚМ | қаржыландыру.<br>Тауарларды уақытша сақтау бойынша кедендік операцияларды бақылау бойынша бизнес-процест і автоматтандыру, СЭҚ қатысушыларының кеденмен байланысын барынша азайту.<br>Декларацияларды беру мерзімдерін бақылауды автоматтандыру және СЭҚ қатысушыларын әкімшілік жауапкершілікке уақтылы тарту, Жауапкершіліктен алып тастау бойынша тәуекелдерді жою |
| 1.3 | Кешенді көшпелі кедендік тексерулерді тағайындау мақсатында тексерілетін тұлғаларды таңдауға арналған тәуекел дәрежесінің критерийлерін өзектендіру | ҚР ҚМ МКК 2021 жылғы 19 мамырдағы №277-қбпү бұйрығына өзгерістер енгізу | 2022 жылғы қараша | ҚР ҚМ | Пост-кедендік бақылау барысында ТБЖ қолдану арқылы шешімдер қабылдау және дискрециялық өкілеттіктерді алып тастау бойынша жүйелі тетіктерді іске асыру |
| | | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 1.4 | Тауарларды шығарғаннан кейін кедендік бақылау объектілерін таңдауды автоматтандыру бөлігінде тәуекелдерді басқару жүйесін жетілдіру | "ТБЖ" АЖ-да "Кешенді көшпелі кедендік тексерулерді тағайындау үшін тәуекел дәрежесінің критерийлері бойынша автоматтандырылған есеп" тәуекел моделін өзектендіру | 2022 жылғы қараша | ҚР ҚМ | Оларға қатысты кешенді тексеру тағайындалатын адамдарды анықтау кезінде адами факторды және араласуды болдырмау |
| 1.5 | Кедендік төлемдер мен салықтарды төлеуден заңсыз босатуды, сондай-ақ оларды заңсыз беруді немесе сатуды анықтауға бағытталған импортталған тауарлар бойынша тәуекел бейіндерін өзектендіру | тәуекел бейіндерін өзектендіру | 2022 жылғы қараша | ҚР ҚМ | Кедендік төлемдерді төлеу және жеңілдікті тауарларды басқа тұлғаларға беру бойынша жеңілдіктерді заңсыз қолдануды анықтау |
| 1.6 | "АСТАНА-1" АЖ-да электрондық кедендік тексеріп қарау (қарап тексеру) актісін жасау | пайдалануға беру актісі | 2023 жылғы сәуір | ҚР ҚМ | 2023 жылға арналған "АСТАНА-1" АЖ түрлендіру жоспары шеңберінде қаржыландыру. Ақпараттық жүйеде тексеріп қарау (қарап тексеру) нәтижелерін тіркеу және өзгерістер немесе санкцияланба |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | ған түзетулер енгізуге байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін болдырмау |
| 1.7 | Е Э К Алқасының 2018 жылғы 16 қаңтардағы №3 және 2013 жылғы 10 желтоқсандағы №289 шешімімен бекітілген құрылымы мен форматы, өзгерістер енгізу тәртібі мен нысаны бойынша тауарларға арналған декларацияны түзетудің ( Т Д Т ) электрондық құжатын іске асыру бөлігінде " Тауарларды декларациялау" кіші жүйесін түрлендіру | пайдалануға беру актісі | 2022 жылғы желтоқсан | ҚР ҚМ | 2022 жылға арналған " АСТАНА-1" А Ж түрлендіру жоспары шеңберінде қаржыландыру Кедендік құжаттар мен кедендік декларациялау процестерін цифрландыру. Кедендік құнды бақылау және оны түзетуді қадағалау тетіктерін қамтамасыз ету |
| 1.7 | "Астана-1" АЖ-ның " ЭШФ" АЖ-мен тауарларға арналған | | | | 2022 жылға арналған " АСТАНА-1" А Ж түрлендіру жоспары шеңберінде қаржыландыру. Салықтарды төлеудің толықтығын қамтамасыз ету және жалтаруды және дұрыс декларациялa |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 1.8 | декларация берілгенге дейін тауарларды шығару туралы өтініштен мәліметтерді беру бөлігінде интеграциясын түрлендіру | пайдалануға беру актісі | 2022 жылғы желтоқсан | ҚР ҚМ | уды болдырмау мақсатында тауарларды әкелу сәтінен бастап оларды өткізу сәтіне дейін бақылап отыруды қамтамасыз ету. Транспаренттілікті және импортталатын тауарлардың құнын құру тізбегін бақылау тетігін іске асыру |
| 1.9 | "Экспорттық-импорттық операциялар бойынша Бірыңғай терезе" АЖ арқылы кеден ісі саласындағы қызметті жүзеге асыратын тұлғалардың тізіліміне енгізу бойынша Мемлекеттік қызметтер көрсетуді автоматтандыру | пайдалануға беру актісі | 2022 жылғы желтоқсан | ҚР ҚМ | "Қазақстан Республикасындағы экспорттық-импорттық операциялар бойынша Бірыңғай терезе" АЖ-ны іске асыру жөніндегі келісімшарт шеңберінде қаржыландыру. Кеден ісі саласындағы қызметті жүзеге асыратын тұлғалардың тізіліміне енгізу бойынша кеден қызметтерін цифрландыру |
| | Тауарларды сыныптау кезінде | | | | 2023 жылға арналған " |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 1.10 | тәуекелдерді әкімшілендіруге және анықтауға мүмкіндік беретін тауарлардың сыныптамасын бақылау шеңберінде қабылданған "АСТАНА-1" АЖ-ға, "Сыныптамалық шешімдер кітапханасына" енгізу | функционалдың іске қосылуы | 2023 жылғы желтоқсан | ҚР ҚМ | АСТАНА-1" АЖ түрлендіру жоспары шеңберінде қаржыландыру. ЕАЭО СЭҚ ТН бойынша тауарларды жіктеу кезінде бірыңғай тәсілдерді қамтамасыз ету |
| Кедендік операциялардың ашықтығын қамтамасыз ету | | | | | |
| 1.11 | ҚР ҚМ МКК-нің ресми ресурстарында өзекті баға ақпаратын жариялау | ҚР ҚМ МКК сайтында жариялау | тұрақты (жылына кемінде 1 рет өзектендіру) | ҚР ҚМ | Кедендік құнның болжамдылығы мен транспаренттілігін және оны айқындау мен бақылау кезінде кедендік процестердің ашықтығын қамтамасыз ету |
| 1.12 | Кеден және салық саласы бойынша Мемлекеттік кірістер органдары қызметінің нәтижелерін, оның ішінде салықтық және кедендік әкімшілендіруді цифрландыру, әдіснамалық және бақылау жұмысының нәтижелері туралы жариялау | ҚР ҚМ МКК сайтында жариялау | тұрақты | ҚР ҚМ | Қоғамдық мониторингті күшейту, мемлекеттік кірістер органдарының ашықтық деңгейін арттыру |
| | | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 1.13 | Мемлекеттік кірістер органдары лауазымды тұлғаларының сыбайлас жемқорлық фактілері туралы БАҚ пен әлеуметтік желілердегі жарияланымдарды мониторингілеу және тиісті ден қою шараларын қабылдау | ҚР ҚМ МКК төрағасына ақпарат (тоқсан сайын) | тұрақты | ҚР ҚМ | Сыбайлас жемқорлық көріністеріне дереу ден қою шараларын қабылдау |
| 1.14 | Жүктемені ескере отырып, кедендік бақылау функцияларын жүзеге асыру бойынша шекара маңындағы кеден бекеттері мен СЭҚ лауазымды адамдарын кездейсоқ іріктеу әдісімен автоматты бөлу тетігін әзірлеу және енгізу (тауарларға арналған декларацияларды, транзиттік декларацияларды, ХПЖ, жолаушылар ағынын ресімдеу, тексеріп қарауды | пилоттық жоба Түркістан және Маңғыстау облыстарының МКД; ҚР ҚМ МКК төрағасына пилоттық жобаның қорытындылары және одан әрі іске асыру жөніндегі шаралар туралы ақпарат | 2022 жылғы шілде-желтоқсан<br>2022 жылғы желтоқсан | ҚР ҚМ | Кедендік операциялар және кедендік бақылау функцияларын жүзеге асыру үшін лауазымды тұлғаларды тағайындау кезінде дискрециялық |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жүргізу және т. б.) | | | | өкілеттіктерді алып тастау |
| 1.15 | Талап қою мерзімі ішінде тауарларды шығарғаннан кейін бұзушылықтарды анықтау жөніндегі іс-қимылдар алгоритмін ( регламентін) белгілеу | 2019 жылғы 24 мамырдағы камералдық кедендік тексерулер жүргізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдарға өзгерістер мен толықтырулар енгізу | 2022 жылғы желтоқсан | ҚР ҚМ | Камералдық кедендік тексерулер жүргізу кезінде Мемлекеттік кірістер органдары лауазымды адамдарының іс-қимылдарын регламенттеу |
| Кедендік инфрақұрылымды жаңғырту | | | | | |
| 1.16 | Алматы облысы бойынша МКД "Нұр жолы" өткізу пунктінде электрондық кезек жүйесін жасау:<br>- "e-Border" жаңа платформасында электрондық кезекті ұйымдастыру бойынша пилоттық жобаны іске қосу;<br>- электрондық кезекті тексеру және кезек жүйесінен шығаруға жататын АКҚ тізімін бекіту ( тасымалдауға арналған келісімшарттары жоқ, жүк тасымалдарын жүзеге асыру мақсаттарына | ҚР ҚМ МКК бұйрығы; электрондық кезектің өзекті тізімін жариялау;<br>ҚР ҚМ МКК төрағасына пилоттың қорытындысы және одан әрі іске асыру жөніндегі шаралар туралы ақпарат | 2022 жылғы сәуір<br>2022 жылғы қараша<br>2022 жылғы желтоқсан | ҚР ҚМ | Шекарадағы электрондық кезек жүйесінің ашықтығын және тең жағдайларын қамтамасыз ету, түзету |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | сәйкес келмейтін және МТНБ қайталайтын АКҚ) | | | | мүмкіндігін болдырмау |
| 1.17 | ЕАЭО кедендік шекарасындағы автомобиль өткізу пункттерін ("Алакөл", "Көлжат", "Майқапшағай", "Бақты", "Қапланбек", "Қазығұрт", "Атамекен", "Тәжен", "Темір баба") және Бас диспетчерлік басқарманы (Ахуалы орталық) жаңғыртуды және техникалық жарақтандыруды аяқтау | Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат | 2024 жылғы 3-тоқсан | ҚР ҚМ | Қаржыландыру ратификацияланған Негіздемелік келісім шеңберінде көзделген (18.05.2019 ж. №257-VI ҚР Заңы). Жобаның құны 115,4 млрд.теңге (205 "Шекарадағы өткізу пункттерін жаңғырту және техникалық жарақтандыру" бағдарламасы, 004 "Сыртқы қарыздар есебінен" кіші бағдарламасы). Жоба шеңберінде 2-ден 6-ға дейін қозғалыс жолағы кеңейтіледі, өткізу қабілеті тәулігіне 8 ретке дейін ұлғайтылады, шекарадан өту уақыты 30 минутқа дейін қысқартылады және көлік құралдарының тоқтаусыз қозғалысы үшін |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | техникалық бақылаудың бірыңғай өтпелі автоматтандырылған дәліздерін пайдалану арқылы өткізу пунктінде көлік құралын өткізудің барлық циклін автоматтандыру жүргізіледі өткізу пункттерінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою үшін |
| Ішкі бақылау шараларын жетілдіру | | | | | |
| 1.18 | "Атамекен" ҚР ҰКП өкілдерін тарта отырып, Мемлекеттік кірістер органдарының сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу | ҚМ МКК Төрағасына талдамалық анықтама; сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің картасы; оларды жою жөніндегі іс-шаралар жоспары | 2022 жылғы маусым | ҚР ҚМ | Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды жою |
| 1.19 | Бар штат саны шегінде негіздемелерді және оларды құрудан күтілетін тиімділікті ұсына отырып, бірінші басшыға тікелей бағынатын аумақтық МКД-да ішкі бақылаудың дербес бөлімшелерін құру | мемлекеттік кірістер органдарының құрылымын өзгерту бөлігінде ҚР Қаржы министріне ұсыныстар енгізу | 2022 жылғы қазан | ҚР ҚМ | Аумақтық мемлекеттік кірістер органдарында ведомстволық |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қажеттілігін қарау | | | | бақылауды күшейту |
| Кадрлық жұмысты жетілдіру | | | | | |
| 1.20 | Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті арттыру және жоғары этикалық және кәсіптік стандарттарды қолдау бойынша Мемлекеттік кірістер органдары қызметкерлеріне ҚР ҚМ МКК-нің Оқу-әдістемелік орталығының базасында тренингтер ұйымдастыру және оқыту | ҚМ МКК тренингтер өткізу және оқыту жоспарын бекіту туралы | 2022 жылғы шілде | ҚР ҚМ | Сыбайлас жемқорлыққа қарсы сауаттылықты арттыру |
| | Мынадай өлшемшарттарды ескере отырып, персоналды жалдау жөніндегі конкурстық комиссия мүшелерін іріктеу қағидаларын әзірлеу: 1 ) сараптамалық және басшылық құрамның біркелкі ұсынылуымен жасалған, мемлекеттік кірістер органдары қызметкерлерінің бұрын | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 1.21 | қалыптастырылған тізімінен персоналды іріктеу жөніндегі конкурстық комиссия мүшелерін автоматты түрде таңдауды енгізу;<br>2 ) Конкурстық комиссия мүшелігіне кандидаттар ретінде енгізілген қызметкерлер құрамының жыл сайынғы негізде ауысуын көздеу;<br>3) осы комиссияға қатысу үшін конкурстық комиссия мүшелігіне кандидаттар ретінде енгізілген бір қызметкерлердің қатысу саны бойынша шектеуді көздеу ( мысалы, 1 күнтізбелік жылда кемінде 1 рет және 3 реттен артық емес) | ҚР ҚМ МКК Төрағасының бұйрығы | 2022 жылғы тамыз | ҚР ҚМ | Персоналды іріктеу процесінде фаворитизм, непотизм, қамқорлық және сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық көріністеріне ықпал ететін себептерді, жағдайларды және ашық емес рәсімдерді жою |
| | Әлеуметтік қорғалуы және Мемлекеттік кірістер органдарының мәртебесін | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 1.22 | арттыру жөнінде шаралар қабылдау: базалық айлықақысына үстемеақымен және бірыңғай нысанды киім-кешекті енгізумен мемлекеттік кірістер органдарының қызметкерлері үшін сыныптық шендер енгізу | Қазақстан Республикасы туралы Үкіметке ұсыныс | 2022 жылғы шілде | ҚР ҚМ | Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды жою |
| 1.23 | Шекара маңындағы кеден бекеттерінің қызметкерлері үшін қызметтік көлік және қызметтік тұрғын үй беру бөлігінде әлеуметтік қорғау шараларын қамтамасыз ету туралы мәселені қарастыру | ҚР ҚМ МКК төрағасына ақпарат | жарты жылда 1 рет | ҚР ҚМ | Шекара маңындағы өткізу пункттерінде тұрғын үй мен көлікті қамтамасыз ету бойынша қосымша көздерді іздеу бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін болдырмау (тасымалдау, орендалық тұрғын үймен немесе жатақханамен қамтамасыз ету) |
| Жеке сектормен өзара іс-қимыл | | | | | |
| | Кеден ісін жетілдіру мәселелері | | | | Кеден ісі саласындағы операциялық және жүйелі проблемалық мәселелерді шешу бойынша СЭҚ |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 1.24 | бойынша СЭҚ қатысушыларымен Консультативтік кеңестің отырыстарын өткізу | отырыс хаттамалары | жарты жылда кемінде 1 рет | ҚР ҚМ | қатысушыларымен диалогты және кері байланысты қамтамасыз ету, бизнестің парасаттылығына жәрдемдесу, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті арттыру |
| 1.25 | Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет және кедендік парасаттылық деңгейін айқындау бойынша Дүниежүзілік кеден ұйымының әдістемесі (кедендік парасаттылықты қабылдауды бағалау) бойынша СЭҚ қатысушыларымен мемлекеттік кірістер органдары қызметкерлеріне әлеуметтік зерттеу/ сауалнама жүргізу мәселесін қарау | әлеуметтік зерттеу/ сауалнама жүргізу | 2022 жылғы желтоқсан | ҚР ҚМ | Донорлар қаражаты есебінен қаржыландыру. Кедендік парасаттылықты қабылдауды бағалау және кеденнің сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетінің деңгейін айқындау |
| Басқа да бақылаушы мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл | | | | | |
| 1.25 | Жеке пайдалануға арналған уақытша | | | | 2022 жылға арналған "АСТАНА-1" АЖ түрлендіру |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 1.26 | әкелінген көлік (ЖПАК) құралдары туралы мәліметтерді беру бойынша "ӘІЖБТ" АЖ-мен (ҚР БП) интеграциялау бөлігінде "АСТАНА-1" АЖ түрлендіру | пайдалануға беру актісі | 2022 жылғы қараша | ҚР ҚМ | жоспары шеңберінде қаржыландыру. Интеграция кедендік баждар мен салықтарды төлемей автокөлік құралдарының Қазақстан Республикасында заңсыз мемлекеттік тіркелуін жою |
| 1.27 | Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметке Мемлекеттік кірістер органдарының деректер базаларына және ақпараттық жүйелеріне қолжетімділікті ұсыну мәселесін пысықтау | ҚР СЖҚА-не ұсыныстар | 2022 жылғы қараша | ҚР ҚМ | Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 2 ақпандағы № 802 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың 2022 – 2026 жылдарға арналған тұжырымдамасын іске асыру жөніндегі іс-қимыл жоспарының 57-тармағын іске асыру шеңберінде |
| | Өткізу пункттерінде көліктік бақылау жүргізу және ҚР ИИДМ Көлік комитетіне/дан мәліметтерді | | | | 2022 жылға арналған "АСТАНА-1" АЖ түрлендіру жоспары шеңберінде қаржыландыру. Тасымалдаушылардан |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 1.28 | жіберу/алу мақсатында ҚР ИИДМ Көлік комитетінің "көліктік деректер базасы" ақпараттық автоматтандырылған жүйесімен интеграциялау бөлігінде "АСТАНА-1" АЖ пысықтау | пайдалануға беру актісі | 2023 жылғы наурыз | ҚР ҚМ | сұратылатын мәліметтер мен құжаттарды барынша азайту; ҚР ИИДМ дерекқорында тасымалдаушы берген жол жүруге рұқсаттардың анықтығын тексеру рәсімін автоматтандыру |
| Халықаралық кедендік ынтымақтастық | | | | | |
| 1.29 | Түрік Республикасының уәкілетті органдарымен ақпарат алмасуды ұйымдастыру және кедендік бақылау рәсімдерін оңайлату туралы келісім жасасу | келісімі | 2022 жылғы шілде | ҚР ҚМ | Қазақстан мен Түркияның кедендік деректерін салыстыру; кедендік декларацияларда мәлімделетін мәліметтердің дұрыстығын бақылау |
| 1.30 | Тәжікстанның уәкілетті органдарымен тауарлар мен көлік құралдары туралы алдын ала мәліметтер алмасуды ұйымдастыру туралы келісім жасасу:<br>1) келісім жобасын әзірлесін, Тәжік Тарапына жіберсін; | келісім жобасы; Қазақстан Республикасының Қаржы министріне ақпарат; келісім | 2022 жылғы шілде<br>2022 жылғы қараша<br>2023 жылғы желтоқсан | | Қазақстан мен Тәжікстанның кедендік деректерін салыстыру; кедендік декларацияларда мәлімделетін мәліметтердің |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | 2) келісімді әзірлеу барысы туралы есеп; 3) келісім жасасу | | | | дұрыстығын бақылау |
| 1.31 | Тауарларды кедендік тазарту кезінде сәйкестік сертификаттарының түпнұсқалығын автоматты түрде тексеру мақсатында "АСТАНА-1" АЖ-ны ЕАЭО сәйкестік сертификаттарының бірыңғай тізілімімен интеграциялау | пайдалануға беру актісі | 2022 жылғы желтоқсан | ҚР ҚМ | 2022 жылға арналған "АСТАНА-1" АЖ түрлендіру жоспары шеңберінде қаржыландыру. ЕАЭО-ға мүше мемлекеттердің сәйкестігін растау жөніндегі органдар беретін сәйкестік сертификаттарының бұрмалануын болғызбау, рұқсат беру құжаттарын беру жөніндегі делдалдық көрсетілетін қызметтерді алып тастау |
| | ЕАЭО-ның жалпы процесін іске асыру бөлігінде "АСТАНА-1" АЖ түрлендіру: (15) ЕАЭО-ға мүше мемлекеттің аумағына уақытша әкелінген және осындай аумақтан уақытша | | | | 2022 жылға арналған "АСТАНА-1" АЖ түрлендіру жоспары шеңберінде қаржыландыру. Әкелінетін көлік құралдары мен |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 1.32 | әкетілген халықаралық тасымалдаудың көлік құралдарын ( ХТКҚ) есепке алу және бақылау процесінде ЕАЭО-ға мүше мемлекеттердің кеден органдары арасында мәліметтер алмасуды қамтамасыз ету | пайдалануға беру актісі | 2022 жылғы желтоқсан | ҚР ҚМ | тауарлары бойынша қағазсыз мәліметтер алмасуды, сондай-ақ декларацияларды уақтылы жабуды және көлік құралдарын бақылаудан алуды қамтамасыз етеді |
| 1.33 | Қазақстан Республикасының аумағы арқылы кедендік транзит рәсімі кезінде тауарлар мен көлік құралдарына қатысты Байланыс және бақылау жүйесін орнату | ЕАЭО келісімі | 2022 жылғы желтоқсан | ҚР ҚМ | ҚР аумағы бойынша тауарларды транзиттік өткізу кезінде жүктердің тасымалдануы мен тұтастығына бақылауды қамтамасыз ету |
| 1.34 | Транзит рәсімінде тараптардың кедендік шекарасы арқылы өткізілетін тауарлар мен көлік құралдары туралы алдын ала деректермен алмасу бөлігінде "АСТАНА-1" АЖ Өзбекстан Республикасы Мемлекеттік | пайдалануға беру актісі | 2022 жылғы желтоқсан | ҚР ҚМ | 2022 жылға арналған "АСТАНА-1" АЖ түрлендіру жоспары шеңберінде қаржыландыру. Халықаралық қатынаста өткізілетін транзит рәсімінде Тауарларды декларациялаудың дұрыстығын бақылау |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | кеден комитетінің ақпараттық жүйесімен интеграциясын түрлендіру | | | | мақсатында Қазақстан мен Өзбекстанның кедендік деректерін салыстыру |
| 1.35 | ҚР ҚМ МКК үшін ДКҰ сыбайлас жемқорлыққа қарсы диагностикасының 2-кезеңін өткізу | ДКҰ миссиясы | 2023 жылғы наурыз | ҚР ҚМ | Сыбайлас жемқорлыққа қарсы диагностиканың 1-кезеңінің қорытындысы бойынша ұсынымдарды ҚР ҚМ МКК іске асыруды бағалау бойынша ДКҰ миссиясының есебі (2019 жылғы наурыз) |
| **2. Құрылыс саласында** | | | | | |
| Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін барынша азайтуға бағытталған іс-шаралар | | | | | |
| 2.1 | " Лицензияланатын сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметін жүзеге асыру үшін қойылатын бірыңғай біліктілік талаптарын бекіту туралы " Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің м. а. 2014 жылғы 9 желтоқсандағы № 136 бұйрығына субъектілердің ең төменгі | ҚР ИИДМ Бұйрығы | 2022 жылғы 4-тоқсан | ҚР ИИДМ | Сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметінде лицензиялар беру саласында мемлекеттік қызметтер көрсету кезінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдері |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | материалдық-техникалық жарақтандырылуын айқындау бөлігінде өзгерістер мен толықтырулар енгізу | | | | алып тасталады |
| 2.2 | Қызметкерлермен тарихи деректер туралы мәліметтерді қамтитын сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы лицензиаттардың тізілімін жасау | лицензиаттар тізілімі | 2022-2023 жылдар | ҚР ИИДМ ЖАО | Осы шараларды іске асыру құрылыс және жобалау ұйымдары қызметінің ашықтығын арттыруға мүмкіндік береді, өйткені барлық деректерге ашық қолжетімділік болады |
| 2.3 | Бизнес-процестерді ақпараттық жүйелерді интеграциялау жолымен автоматтандыру, оның ішінде "E-Qurylys" АЖ | ПӘ-ге ақпарат (жүйелерді автоматтандыру және интеграциялау мүмкіндігін талдау және зерделеу) | 2022-2023 жылдар | ҚР ИИДМ | Технологиялық процестердің ашықтығын арттырады, бақылаудың тиімділігін арттырады, құжат айналымының мерзімін қысқартады және объектіні пайдалануға қабылдау рәсімін жеңілдетеді |
| | Сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласында сараптамалық жұмыстар мен инжинирингті | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 2.4 | к қызметтерді жүзеге асыратын сарапшыларды аттестаттау үшін тест сұрақтарының жаңа жинағын әзірлеу және бекіту | жинақ | 2022 жылғы 4-тоқсан | ҚР ИИДМ | Сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласында сараптамалық жұмыстарды және инжинирингтік көрсетілетін қызметтерді жүзеге асыратын сарапшыларды аттестаттау бойынша Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жол берілмейді |
| 2.5 | Сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласында сараптамалық жұмыстар мен инжинирингтік қызметтерді жүзеге асыратын сарапшыларды аттестаттау кезінде орталықтандырылған ақпараттық жүйеде тестілеуді ұйымдастыру | ақпараттық жүйе | 2022 жылғы 4-тоқсан | ҚР ИИДМ | |
| 2.6 | "Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы" 2001 жылғы 16 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына Мемлекеттік сараптама ұйымының функциясын бере отырып, қала құрылысы жобаларына міндетті кешенді қала | заң жобасы | 2022-2023 жылдар | ҚР ИИДМ | Жоғары сұранысқа ие жер учаскелерін беру кезінде құрылыс компанияларының мүдделерін қолдауға жол бермеуге |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | құрылысы сараптамасын енгізу бөлігінде өзгерістер мен толықтырулар енгізу | | | | мүмкіндік береді |
| 2.7 | "Тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу туралы" 2016 жылғы 7 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына Тұрғын үй құрылысының проблемалық объектілерін аяқтау және инвесторды іріктеу тетігі бойынша іс-шараларды жүзеге асыру тәртібін бекіту жөніндегі уәкілетті органға функция беру бөлігінде өзгерістер мен толықтырулар енгізу | заң жобасы, ҚР ИИДМ бұйрығы | 2023 жылғы 4-тоқсан | ҚР ИИДМ | 1) жосықсыз инвесторларды тарту тәуекелін, үлестестігін болдырмайды; 2) үй-жайларды адал сатып алушылардың мүліктік құқықтарын қорғау |
| 2.8 | "Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы" 2001 жылғы 16 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына құрылысты | заң жобасы | 2022-2023 жылдар | ҚР ИИДМ | Пайдаланылатын материалдардың сапасын және орындалған жұмыстардың |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жоспарлауды, жобалауды, сондай-ақ цифрландыруды бақылауды күшейту бөлігінде өзгерістер мен толықтырулар енгізу | | | | сапасын бақылауды қамтамасыз етеді |
| 2.9 | Құрылыстың шекті құнының нормативтерін әзірлеу және бекіту | ҚР ИИДМ бұйрығы | 2022 жылғы 4-тоқсан | ҚР ИИДМ | Құрылысқа мемлекеттік инвестициялар және квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қаражаты есебінен тұрғызылатын құрылыс объектілері, мемлекеттік-жекешелік әріптестік (концессия) жобалары және бюджет қаражаты есебінен инвестициялық шығындарды өтеуді көздейтін басқа да қаржыландыру көздері бойынша құрылыстың сметалық құнының лимиттерін белгілеу |
| 2.10 | Құрылыс үшін құн бағасының индекстерін әзірлеу және енгізу | ҚР ИИДМ бұйрығы | 2022 жылғы 4-тоқсан | ҚР ИИДМ | Болжамды деңгейде сметалық құнын дұрыс есептеуді қамтамасыз ету мақсатында |
| | | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 2.11 | Құрылыс материалдарына, бұйымдары мен конструкцияларына ағымдағы деңгейде сметалық бағалар жинақтарын әзірлеу | жинақ | 2022 жылғы тоқсан сайын | ҚР ИИДМ | Құрылыс материалдарына сметалық бағаларды өзектендіру үшін тоқсан сайын ағымдағы деңгейде құрылыс материалдарына, бұйымдары мен конструкцияларына сметалық жинақтар шығарылады |
| 2.12 | Сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы нормативтік техникалық құжаттарды бөлінетін қаражат шеңберінде өзектендіру | ҚР ИИДМ бұйрығы | 2022 жылғы 4-тоқсан | ҚР ИИДМ | Олқылықтар, сыбайлас жемқорлық тәуекелдері және ескірген талаптарды жойылады |
| Ішкі бақылау шаралары | | | | | |
| 2.13 | Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу | ҚР ИИДМ Министріне ақпарат енгізу (жоспарды бекіту) | 2022 жылғы 2- жарты-жылдық | ҚР ИИДМ | Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды жою |
| 2.14 | Мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау органдарының қызметкерлері үшін сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті арттыру және жоғары | 2 - жартыжылдыққа оқыту өткізу жоспарын бекіту | 2022 жылғы 2-тоқсан | ҚР ИИДМ ЖАО | Сыбайлас жемқорлыққа қарсы |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | этикалық және кәсіптік стандарттарды қолдау бойынша семинарлар өткізу | | | | сауаттылықты арттыру |
| Басқа мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл | | | | | |
| 2.15 | Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларына құрылыс жұмыстары бойынша шарттардың сомасына 10 еселенген мөлшерде, техникалық қадағалау бойынша 1 сарапшыға 10 млн. теңге мөлшерінде лимит белгілеу бөлігінде өзгерістер мен толықтырулар енгізу жөнінде ұсыныс енгізу | ҚР ПМК ұсыныс | 2022 жылғы 3-тоқсан | ҚР ИИДМ ҚР ҚМ | 1. Мердігердің нақты ресурстарына байланысты жұмыстарды орындау мүмкіндігін анықтау;<br>2. Меншікті материалдық-техникалық базаны капиталдандыру және жаңарту |
| 2.16 | Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларына орта және шағын объектілер бойынша ірі бизнестің конкурстарға қатысуын болдырмау бөлігінде өзгерістер мен толықтырулар енгізу бойынша ұсыныс енгізу | ҚР ПМК ұсыныс | 2022 жылғы 3-тоқсан | ҚР ИИДМ ҚР ҚМ | ШОБ бәсекелестігін тең жағдайда |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ( 1 млрд.теңгеге дейін) | | | | дамыту және арттыру |
